SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAK-UNI.KZ

№26 (9193)

ДҮЙСЕНБІ
8 сәуір, 2024 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Аудан тұрғындарының назарына!

Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының сәуір айының 10, 12, 18, 19, 25, 26 күндері Созақ, Сызған, Қаратау, Қарақұр, Жартытөбе, Құмкент, Таукент, Шолаққорған, Шу, Тасты, Қыземшек, Жуантөбе ауылдық округтерімен кенттері халқымен кездесуі

Қыземшек, Жуантөбе ауылдық округтерімен кенттері халқымен кездесуі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының;

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 10 сәуір сағат 11:00-де ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Созақ ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де болады.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 10 сәуір сағат 15:00-де ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Сызған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 12 сәуір сағат 11:00-де ауылдық мәденеит үйінде өтеді.

Қаратау ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де болады.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 12 сәуір сағат 15:00-де Қарақұр ЖОМ мәжіліс залында өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 18 сәуір сағат 11:00-де ауылдық клубта өтеді.

Жартытөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12.00-де болады.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 18 сәуір сағат 15:00-де ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Құмкент ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16.00-де болады.

Таукент кенті тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 19 сәуір сағат 11:00-де мәдениет үйінде өтеді.

Таукент кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12.00-де болады.

Шолаққорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 19 сәуір сағат 15:00-де Шолаққорған ауыл әкімшілігінің ғимаратында өтеді.

Шолаққорған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16.00-де болады.

Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 25 сәуір сағат 11:00-де “Ж.Қаламбаев” ЖОМ мәжіліс залында өтеді.

Шу ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12.00-де болады.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 25 сәуір сағат 15:00-де ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Тасты ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдауы сағат 16:00-де болады.

Қыземшек кенті тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 26 сәуір сағат 11:00-де “Л.Бөкенов” атындағы ЖОМ мәжіліс залында өтеді.

Қыземшек кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12.00-де болады.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2024 жылғы 26 сәуірде сағат 15:00-де “С.Сейфулин” ЖОМ мәжіліс залында өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-да өтеді.

Президенттің су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты ҮНДЕУІ

Мемлекет басшысы су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеу жасады.

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Премьер-Министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-Министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы–азаматтардың амандығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңес төрағасы Нұралы Әбішев Созақ ауданының кәсіпкерлерімен кездесті.

Алқалы жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы, Түркістан облысы прокуроры-ның орынбасары Саян Келдібеков, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрағасы Орынбасар Кабиштаев, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Превенция басқарма басшысының орынбасары Сәбит Әсілбек, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Асылан Ибадуллаев қатысты.

Аудан кәсіпкерлерінің өзекті мәселесі талқыланған басқосуда аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауданда кәсіпкерлік саласы, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыу бойынша атқарылған шаралар мен алдағы жоспарға кеңінен тоқталды.

Сонымен қатар, облыстық кәсіпкерлер палатасы Созақ аудандық филиалының директоры Арман Анарбаев 2023 жылы атқарылған жұмыс барысы туралы баяндама жасады. Шараның негізгі бөлігінде сұрақ-жауап кезеңіне кезек беріліп, кәсіпкерлердің көкейіндегі сұрақтарға сала мамандары жауап берді.

«Кәсіпкерлер палатасы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай бизнес пен биліктің арасында алтын көпірге айналуы керек. Тиісінше, қордаланған мәселелердің оңтайлы жолын қарастыру маңызды. Сондықтан, сырлы Созақ өңіріндегі кәсіпкерлік саласының даму динамикасын саралауға арнайы келіп отырмыз. Кәсіпкерлердің мәселесі назардан тыс қалмай жергілікті билік өкілдерімен бірлесіп шешілуі тиіс», - деді Нұралы Әлмаханұлы.

Өңірлік кеңес төрағасы жұмыс сапарында 2016 жылдан бері жұмыс істейтін «Сырлы Созақ» ЖШС мен «Созақ-балық өнімдері» АШӨК «Гидропоника және балықтың құрама жемін өндіру» зауытының жобаларымен танысты. Гидропоника және балықтың құрама жемін шығарылатын өндіріс орнының аумағы 1 га аумақты құрайды. Жобаның жалпы құны 1,5 млрд. теңге. Кәсіпорын ағымдағы жылдың желтоқсан айында іске қосылып, 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖҮРІП ЖАТҚАН ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында жүріп жатқан құрылыс нысандарының жұмысын бақылауға алды.

Сапар барысын аудан орталығында «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынып жатқан Ы. Алтынсарин атындағы 900 орынға арналған мектептен бастады. Қазіргі уақытта он-

дағы жұмыс қарқыны өндірістік кестеге сай өрбуде. Жоба жетекшісінің айтуынша жақын күнде бетон мен қалақ жұмыстары толық аяқталып, мамыр айының ішінде ішкі жұмыстары басталады. Мердігер мекеменің өкілдерімен тілдескен аудан басшысы құрылыстың жай-жапсарына жан-жақты тоқаталды.

Одан соң, заманауи үлгіде салынып жатқан 200 орындық «Спорттық-сауықтыру» кешені мен «Жасыл белдеу» аумағында болды. Жауаптыларға ең алдымен құрылыс сапасына қатысты талаптарды сақтап, әрбір жобаға мұқият қарауды ескертті. Құрылысты өндірістік кестеге сай өрбітіп, жұмысшы азаматтардың санын арттыруды тапсырды.

Сондай-ақ «Жасыл белдеу» аумағында егілген тал-көшеттері мен аумақтың көлемін арттыру бойынша жүріп жатқан жұмыстарды назарға алды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда "Жасыл белдеу" аумағы Түркістан бағытына қарай 2.7 шағырымға ұлғайтылуда.

ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫНЫҢ

жұмыс барысымен танысты

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков автоматтандырылған газ тарату станциясында болып, жұмыс барысымен танысты. Бүгінгі таңта онда «Строй-газ» ЖШС-і арқылы газ тарату қондырғысына қажетті блоктар жеткізіліп, монтаждау жұмыстары жүруде. Аудан басшысы мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, монтаждау жұмыстарын өз уақытында сапалы атқаруды ескертті. Жауапты мамандарға әрбір істі жіті бақылауды тапсырды.

Айта кетейік, Шолаққорған ауылын табиғи газбен қамту үшін «Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу» жұмыс жобасы бойынша 190 шақырымды құрайтын 100-ге жуық көшеде орналасқан 3200 абонентке газ құбыры жүргізіліп, шкафты газ реттеу пункітінің орындары дайындалған.

Биылғы жылы АГТС қондырғыларын толық орнатып,Шолаққорған ауылы мен Жеткеншек елді мекені тұрғындарын табиғи газбен қамту жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыстар аудан басшысының жіті бақылауында.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Аудан орталығында орналасқан «Нұр-Аман» сауықтыру кешенінде бокстан жастар мен жасөспірімдер арасында аудан әкімінің жүлдесі

үшін ұйымдастырылған Халықаралық жарыс өз мәресіне жетті. Бүгін жарыстың төртінші күнінде ақтық сынға жолдама алған спортшылар сынға түсіп, мықтыны анықтады. Жас спортшылар күш-жігерлерін, төзімділік, батылдық пен ептілігін көрсетіп, жарыстың көрігін қыздырды.

Байрақты бәсекені елмен бірге тамашалаған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 25 команданың ішінен жеңімпаз атанған командаларға диплом және арнайы дайындалған белбеу мен кубокты табыс етіп, құрмет көрсетті. Жарыс нәтижесі бойынша бас жүлдені Созақ ауданы командасы иеленсе, жүлделі І-орынды Толеби ауданы, ІІ-орынды Сайрам ауданы иеленіп, Арыс қаласы ІІІ-орынға тұрақтады.

Сонымен қатар, кіл мықтының ішінен мықтылар анықталған жарыстың куәсі болған еңбек ардагерлері 18 салмақ бойынша жеңімпаз атанған жас спортшыларды марапаттады.

Еске сала кетсек, биыл дәстүрлі түрде өткізіліп келген Халықаралық жарысқа көршілес Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан мемлекеттері мен еліміздің бірнеше өңірінен 25 команда қатысты. 18 салмақ бойынша жиналған 300-ге тарта жас спортшылар өзара сынға түсіп, мықтылар анықталды.

"ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ" АУМАҒЫ 2,7 ШАҚЫРЫМҒА АРТТЫ

Аудан көлемінде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Санитарлық тазалықты сақтап, аудан аумағын көгалдандыру мақсатында ұйымдастырылған сенбілікке аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері аса белсенділікпен атсалысты.

150-ге жуық қызметкер "Жасыл белдеу" аумағына жұмылдырылды. Аумақтың көлемі 2,7 шақырымға артып, бүгін онда 3000-нан аса

көшет егілді. Алдағы уақытта тағы 4000-нан астам тал көшеттері егіліп, ұлғайған аумақ арнайы шарбақтармен қоршалады.

"Жасыл белдеу" аумағына арнайы барған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков көгалдандыруға қатысты жұмыстардың басында болды. Жауаптыларға егілген тал көшеттерін күтіп-баптауға қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, бүгінгі сенбілікте саябақтар, ішкі көшелер мен үлкен жолдардың бойын, әлеуметтік нысандардың аулаларын қоқыс қалдықтарынан тазартып, талдардың түптерін әктеу шаралары да қоса қамтылды.

Қазатомөнеркәсіп халықаралық алаңдарда атом саласын дамыту перспективаларын талқылады

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Брюссельде (Бельгия) бірінші атом энергиясы саммиті және Сочидегі (РФ) «АТОМЭКСПО 2024» халықаралық форумы барысында өткен әлемдік атом энергетикасын дамыту жөніндегі талқылауларға белсенді қатысты.

Бельгия премьер-министрі Александр де Кроо мен МАГАТЭ бас директоры Рафаэль Мариано Гросси тең төрағалық еткен саммит атом энергетикасының тұрақты дамудағы, энергетикалық қауіпсіздіктегі және экономикалық өсудегі рөліне арналды.

Саммит аясында «Жанармай жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында дөңгелек үстел өтті, онда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов Қазақстанның жаһандық жеткізу тізбегіндегі шешуші рөлін және әлемдік атом энергетикасының уран өндірудегі қажеттіліктерінің шамамен 40% қамтамасыз ететін елдің көшбасшылығын атап өтті.

«Атом энергиясы таза және үнемді энергия көзі ретінде маңызды рөл атқарады. 2023 жылы 20-дан астам ел 2050 жылға қарай атом энергетикасы қуатын үш есе арттыру туралы декларацияға қол қойды. Бұл Париж келісімінің бүкіл әлем бойынша CO2 шығарындыларын азайту мақсатына жету үшін өте маңызды. Қазатомөнеркәсіп өзінің әлемдік нарықтағы географиясын кеңейтуге және жаңа кен орындарын барлау және ресурстық базаны толықтыру арқылы болашақ қажеттіліктерді қанағаттандыруды көздеп отыр», - деді Мейіржан Юсупов.

«АТОМЭКСПО» форумы барысында атом энергетикасының дамуы да талқыланды. Тұрақты даму мәселелеріне де көп көңіл бөлінді.

«Таза энергия: болашақты бірге құру» пленарлық отырысы барысында Мейіржан Юсупов Қазатомөнеркәсіп бүкіл әлем бойынша атом электр станциялары үшін тұрақты және сенімді уран жеткізуді қамтамасыз етуге белсенді қатысуын жалғастыратынын атап өтті. Ол сондай-ақ ESG қағидаттарын іске асырудың маңыздылығын және компанияның өзі орналасқан аймақтарда қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған жұмыстары туралы айтты.

Өткен іс-шаралар аясында Қазатомөнеркәсіп басшылығы халықаралық компаниялармен бірқатар кездесулер өткізді. Тараптар ынтымақтастық перспективаларын және атом энергетикасын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы қызметтің түрлі бағыттарын дамыту мүмкіндігін талқылады.

Нұржамал МАЙУСОВА.

"СОЗАҚ СЕРІЛЕРІ" ҮЗДІК АТАНДЫ

Шымкент қаласындағы Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығында “ЖАРАМАЗАН ЖАРАСАР ДӘСТҮРІМЕ” атты өңірлік және қала, ауданаралық байқау болып өтті.

Аталмыш шарада Созақ, Түлкібас, Арыс, Сайрам ауданарының және Шымкент қаласының өнерпаздары Жарамазан жырын айту, бата түрлері және салт-дәстүрлер бойынша интерактивті сұрақтар бойынша сынға түсті.

Байқауға ҚР Мәдениет қайраткері, “Құрмет” орденінің иегері, режиссер Әскер Құлданов, Шымкент қаласының наиб имамы, дінтанушы-теолог Естеміров Мұхамеджан, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚ университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Анарбаев Қайрат қазылық етті.

Салт-дәстүріміз бен ұлттық болмысымыз ұлықталған додада үздік өнер көрсеткен “Созақ серілері” тобы I орынды иеленді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Жуантөбе ауылында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілік аясында жол жиектеріндегі қоқыс қалдықтары тазалаланып, ауыл тұрғындары күл-қоқыстарын шығару жұмыстарын жүргізді.

Ауыл көлемінде жүргізілген тазалық жұмыстарына барлық мекеме, ауылдық округ әкімі аппараты қызметшілері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді.

“Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші, ауылдың көрікті болуын қалайтын әр адам бұл іске үлес қосуы тиіс. Қоғам тазалығын сақтау – бүгінгі күннің басты талабы және баршамызға ортақ іс.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2024 жылдың 24 сәуір күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің көктемгі егіс науқанына дайындығы, жерді игеруге бөлінетін субсидиялардың тиімді берілуі және 2024 жылдың 4 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

2.Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2024 жылдың 4 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

3.Жерді тиімді пайдалану және жер қатынастарын реттеу. Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің 2024 жылдың 4 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімінің 2024 жылдың 4 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін.

5.Басқа да мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 24 сәуір күні сағат 9:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

«Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарлама

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылатын кітаптардың тізімі жасақталды.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасының басты мақсаты мектеп кітапханаларын маңызды балалар әдебиетімен қамтамасыз ету. Балалар әдебиеті тізімін қалыптастыру және ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту.

2024 жылғы 4 сәуір күні Н.Төрекұлов атындағы IT-мектеп-лицей базасында кітапхана әдіскері А.Қалманбаеваның ұйымдастыруымен «Балалар кітапханасы» бағдарламасы бойынша edu.bookfund. gov.kz автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс жүргізуді үйлестіру» тақырыбында білім мекемелерінің кітапхана мамандарымен аудандық оқыту семинары өткізілді.

Семинарда бөлім әдіскері А.Қалманбаева «Балалар кітапханасы» бағдарламасы бойынша көркем әдебиеттерді таңдау және тапсырыс беру «edu.bookfund. gov.kz» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізілетін жолдарымен таныстырды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының жетекші маманы Таңатаров Қанат Полатұлы онлайн режиминде “ZOOM” платформасы арқылы автоматтандырылған ақпараттық жүйе туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кітапхана мамандардың жүйемен жұмыс барысындағы сұрақтарына жауап берді

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы каталогымен жұмыс жүргізу, кітапхана қорын толтыру жайлы АББ IT маманы Жаппас Мағжан және Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің кітапхана меңгерушісі Мадина Жәнібекова практика жүзінде интерактивті тақтаны пайдаланып түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Зәмзәнің көк дәптері

Әңгіме

Осыдан тура он жыл бұрын мен оны Зәмзәгүл әпке дейтінмін, қазір жай ғана – Зәмзә деймін. Мұныма өкпелеп, шала бүліну Зәмзәның болмысында жоқ. Керісінше мырс етіп күледі. Оның күлгені де қызық. Күлгенде алдымен көзәйнегі жоғары көтеріледі, сондықтан да кейде маған Зәмзәдан бұрын көзәйнегі күлетін сияқты көрінеді. Жылдар өте келе Зәмзәның «әпке» деген тіркесінің түсіп қалуына, оның менімен тең құрбыларша сыр ақтарып, өзіне тым жақын тартатынынан туындады ғой деп ойлаймын. Бағыдан әпке санап жүрген туыстарымның арасынан Зәмзәны ерекше бөліп-жарып «Зәмзә» деуімнің басқа ешқандай себеп-салдары жоқ еді.

Зәмзә – әкемнің туған қарындасы, қаншасыншы қарындасы екенін де білмеймін, жеті қарындасының ортаншысы, әлде соңғыларының бірі. Оны кейде өзі де ұмытып қалған секілді көрінеді. Зәмзә да әкем секілді сұңғақ бойлы, сүйекті, ірі. Ақсарының реңдісі. Сондықтан да ол кейде менің шешеме тартқан кішірек бойыма, талдырмаш

тұлғама жаратпай қарап, «Сен тек биік өкшелі туфли ки, саған жайтабан киюге мүлде болмайды, бойың аласарып, тапал көрінесің» дейді. Онысына мен кейде өкпелеп қаламын, кейде қараптан қарап тәжікелесем. Оның маған үнемі жігіт іздеп жүретініне ашуланамын. Қай жерге ертіп бармасын, құрбысының үйіне қонаққа барсақ та, саябақта қыдырыстап жүрсек те, дүкеннен азық-түлік алып тұрып та ол төңірегінен маған лайық болар жігіт іздеп жүреді. Үйдің қарсы бетіндегі азық-түлік дүкеніне нан алуға жұмсап, соңынан қоса қабат ілесіп шығады. Көзімен ішіп-жеп бара жатқан дүкеннің жылмағай сатушысына қарап:

– Сіңлім ғой, бойдақ! Жасы 29-да, шаруаға епті! – деп қойып қалады. Сол сәтте менің жылмағай сатушымен көзім ұшырасып, бетімнің ұшы ду ете түседі. Үйге келген соң:

– Осы сенің есің дұрыс емес шығар. Көрінген қу аяққа мені таныстыра беретінің не әдет? Мақұл бойдақ екем, жасымды неге айтасың?! Ұялып өлгенім-ай! Құтыла алмай жүрсің бе менен? Мүмкін анда-санда үйіңе келгенімді жақтырмай жүрген шығарсың, жақтырмасаң айт, кетейін, – деп бұлқан-талқан болам.

– Әй, онда тұрған не бар екен? Сыпыра мақтасаң, сыпырғыны да бай алады деген. Таныса берсей, жасың болса келді, бай таңдайтын заман емес, – дейді бетіме бажырая қарап.

– Осы сен неге менің көңіліме қарамайсың?! Мен сатушымен не туралы әңгіме айтамын? Біздің ортақ тақырыбымыз да жоқ қой.

– Ыхы, не туралы әңгіме айтам дейді ғой... Немене ерлі-зайыптылар азаннан кешке дейін әңгіме айтады деп ойлайсың ба? Оооо, жазғааан. Хеех-eh-hex... жездеңді көрмейсің бе, азанда кетеді, кешке келеді. Оның бір ғана әңгімесі бар «тамақ» деген, қалған күндері аузын буған өгіздей. Төбесіне шәйнек қайнатып жатсаң да мыңқ демейді. Жоғары талғам иесі болуыңды доғарсаң, әлдеқашан байға тиіп бақытты болар едің. Мен жездеңмен танысқанда ол да базарда сатушы болатын. Құдайға шүкір, қазір – таксист, – деді танауы аспандап.

– Ха! Так-си-ст! Қызыл теңіздің жағасынан вилла сатып алсаңдаршы онда, – деп теріс қарап мырс еттім.

Ол әдеттегіше үндемейді. Іштей мені сөге жамандап жазғырып тұр, сөйтсе де бірдеңені айта алмай бөлме ішін айналып теңселіп жүрді де қойды.

– Мен сені ойлаймын ғой, – дейді сосын тұнжырай.

Мен өкпелеген болып оның қызының сықырлауық кереуетіне бүк түсіп жатып қалдым. Ол айналшықтап жүріп, кереуеттің шетіне отырады.

– Мен сені ойлаймын ғой,– дейді қайталап. Мен көрпені басыма дейін тартып тас бүркеніп аламын. Ол көрпенің астынан бұрқырап шығып жатқан шашымды сипап ұзақ отырады.

– Білесің бе, мен сені...

– Қойшы Зәмзә! Ойлағаның осы ма? Кез келген көшедегі адамға ілестіріп жіберуге әзірсің. Мен саған көгенде жүрген қозымын ба, әлде өрістегі қара сиырмын ба? Неге маған тыныштық бермейсіңдер?! – деп көрпенің астынан бүлк-бүлк етемін.

Зәмзә көрпенің сыртынан жотамнан қағып-қағып қояды. Мұнысы мені еркелеткен түрі. Мен көрпені бүркенген қалпы келесі бүйіріме аунап түсіп көрпе астынан бүлкілдеп сөйлеп, соңынан қорс-қорс етіп жылап алдым. Және күллі дүние жүзіне күйеуге тимеген қыздардың атынан арыз айттым.

Зәмзә менің сөздерімнің біріне де үн қатпады. Оның ендігі жерде қолы бос емес еді. Зәмзә әлдеқашан ас бөлмесіндегі сүйікті орнына жайғасып көзәйнегі мұрнының ұшына түсіп, көк дәптеріне шұқшиып бірдеңелер жазып отыр... Жооок, Зәмзә ақын не жазушы да емес. Зәмзәның адам баласына еш зиянсыз қызық ермегі бар. Ол біздің әулеттің басы бос кіл бойдақ қыздарының тізімі жазылған көк дәптерді жүргізеді.

Ол дәптердің тарихы мен мектепті аяқтаған 2007-2008 жылдардың орта шенінде басталды. Сол жылдары Зәмзә мені өзінің қайныларымен, достарының менімен құралыптас ұлдарымен, жұғымсыз көршілерімен таныстыруды бастап, онысынан түк шықпасын білген соң:

– Саған кішкене толу керек, тым арықсың, жігіттерге былай көлемділеу қыздар ұнайды

ғой, – деген де қойған. Одан бері де тұп-тура он жыл өтті, мен оқудың соңын құдым, университет, сосын магистратура. Енді келіп ақпарат саласының жылдық есебін жазумен, ертелі-кеш кеңседе компьютерге телміріп жастық жылдарымды өткізіп жатқанымды көріп, Зәмзәның уайымы ұлғайды.

– Әй, сөйлесіп жүрген біреуің бар ма өзі? Осы сен жазған «жұмыс-жұмыс» деп жүріп, отырып қалатын болдың, болмаса айтсай, өзіміз қам жасайық, – деген әңгіменің шетін шығарды. Содан кейін көп ұзамай Зәмзә әлеуметтік желілерден маған лайық болар деген жігіттердің тізімін жасай бастады.

Кейде ол азаннан кешке дейін көк дәптерге шұқшияды да отырады. Онысы сырт көзге жұмысшылардың айлық есебін жүргізіп отырған бухгалтердің қауырт жұмысы секілденіп көрінеді. Ол әбден ақ жемі шығып тозған көк дәптерді алғашқы бетін саусағына бір түкіріп сықыр еткізіп ашты. Алдымен бірінен кейін бірі жарысып күйеуге тиген сіңлілерін сызып, тізімді жаңартуға кіріседі.

– Өф, тиді ғой әйтеуір, осыны алпамсадай ғып бай алмай ма деп қорқушы едім, тапты ғой теңін, – деп, кейде ойына келгенін лақ еткізіп айта салатын, ауыр тірлік істесе тасыры көбейіп жан-жағын жайпап жүретін әпкесінің 34-ке келіп зорға күйеуге тиген қызын айтып кеңк етіп бір күліп алды.

Мен мойнымды созып тізімнен өз атымды іздей бастадым. «Жоғары талғам иесі» деген қызыл сияның астындағы тізімнің төменгі жағында «Жәукен – Асқар Жүнісбеков, Асел – Беркут» деп жазылы тұр екен.

– Мынау не, Асқар Жүнісбекові несі?

– Баяғыда сені Асқар Жүнісбековке күйеуге тисе деп армандайтынмын....

– Әншіге ме?

– Иә.

– Осы сенің есің дұрыс емес шығар, – деп жын соққан адамша есіре күлейін.

– Неге күлесің иии?

– Мені Жүнісбековке тиеді,– деп ойладың ғой сонда? Хааа, хah, хааа!

– Еее, несі бар екен, елдің қыздарынан қай жерің кем? Алатын еді жолыққандарыңда...

– Зәмзә, осы сен қияли шығарсың аааа?

– Біздің Әселді көргенде Бүркіт алатын еді, «тағдыр жолықтырмады» дейді мұндайды, кейде тағдыр деген де кісі тілегін қабыл алмайтын кіспұрыш ғой! Бір-бірі үшін жаралған адамдарды жолықтырмай күйдіреді, – деп «Бүркіт» деген жерді сызып «Айсұлтан» деп жазып қойды.

Осыдан бір ай бұрын Әсел Зәмзәның арманын әдіра қылып, жол полициясы болып істейтін Айсұлтанға ұзатылған болатын. Рет-ретімен үлкенінен кішісіне қарай өтіп, саусағымен термелеп төмендеп келе жатқан тізімнің біріне келгенде, Зәмзә көзін дәптерден алмай құлазып ұзақ отырып қалды. Көзәйнегін қайта-қайта түзетіп, арасында ұхлеп терең дем алып, кей сәтте көзәйнегі буланып, мұрнының ұшы қызарғандай болды.

– Иии, жаным әшейін, Макош, иииии айналайыным-ай... Құдай сені қинап қойды ғой, жазғаным-ай! Сорың да бұл-дағы көретін. Еее, қайтейін, Құдай сені бір тырнаққа зар еткізбей тезірек сәбилі қылса екен. Өзі жуас қой байғұс, көрмеген құқайы жоқ, – деп күйеуге тигеніне алтыншы жылға аяқ басса да бала көтермеген сіңлісін аяп, біртүрлі жасып, мұрнын пырс еткізіп бір тартып, дымданған көзілдірігін жағасына сүртіп-сүртіп жіберіп қайта киіп, тізімді термелеп төмен сырғыта берді.

– Әлия жанееем әшейін, мұның да өмірі бал емес, енесі тақыр жердің шаңын шығаратын қатын. Ойбоооой, Әлия бишара не көрмеді? Отырса – опақ, тұрса – сопақ. Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып сыйып отыр. Анау байы да бір жайсыз. Ішеді ғой, ішеді, – деп маған қарап сыбырлай сөйледі. – Қайта балағынан бала арылмай, қара домалақтарды туып-туып тастады. Еее, онысына да шүкір! Қыз сорлы барған жерін көбейтпесе мүсәпір екен ғой, – деп дәптердің келесі бетін ашты.

Ажырасқандар!

Ажырасқандарға қызыл сиямен сұрақ белгі қойды. Сол сұрақ белгі арқылы Зәмзә олардың келешек өміріне үлкен сұрақ қояды, бірақ біртүрлі дүдәмал күй кешеді. Сол сұрақ белгіні үстінен қайта-қайта басып шимайлап, ұзақ ойланды Зәмзә.

– Альбина. Осы бишара қыздың бағы ашылмады. Тиген байы да бір сүмелек... Жетесіз. Еее, қойшы, қарадай ішім ашиды. Біздің Альбина қандай қыз еді! Артынан эшалон-

эшалон жігіт жүгіргенде, ана ешекке тигенін көрмейсің бе?! Ух... пешенесіне жазылғаны да байғұстың. Екінші байына бекер тиді. Кім біледі, бәлкім екінші байына тимегенде, бірінші байы қайтып келер ме еді, ааааа? – деп маған жалт қарады. «Мен қайдан білейін?» дегендей иығымды қиқаң еткіздім.

– Еее, бірақ сен не білуші едің, түк те білмейсің? – деп қолын бір сілтеп күрсінді. Мұнысы мені мұқатқаны ма, жоқ аяған түрі ме, ұқпадым.

Меруерт. Бұл сорлы қыз 18 жасында қағынып жүріп ана албастыға ұрынды. Айттым сонда: «әй асықпа, асықпа, «асыққан қыз байға жарымайды» деген. Асықпа» дедім. «Ойбай, әпке, Қуанышты сүйем-күйем, оған тимесем өлем» деді. Енді отырысы анау, Қуанышы қайғыға айналып, «ажырастым» дейді көзінің сорасы ағып, енді оны төрт баласымен кім алады? Тағы да туғаны ыңғай еркек бала. Қарнымыз ашты деп Меруерттің өзін қуырып жеп қоя жаздап отыр, – деп Зәмзә өз-өзінен налыды.

Зәмзә көк дәптердің сілки отырып келесі бетін ашты. Қызыл сиямен «Отырғандар» деп астын сызып қойыпты.

Бұл тізімге Зәмзәның өзінен үлкен әпкелері, күйеуге тимей қалған кластас құрбылары, тіпті көршісі де бар.

Клара.

– Естідің бе, ей?! Клара балалар үйінен бір бала асырап алыпты дейді ғой.

– Естідік қой.

– Көрдің бе әне, не болды? Кезінде осы Кларана жеңгелері жігітпен таныстырамыз деп әуреге түсетін.

– Еее, неге?

– Қиял ғой, «таныспаймын, Алматыда жігітім бар» дейтін көрінеді. Отызға келгенше

Алматыда жігітім бар деп алдына келген жігіттердің бетін қайтара беріпті. Бір күні қырыққа келгенде баяғы жеңгелерінің бірі Алматыдағы жігітің ендігі үйленіп кеткен шығар, жақсы жігіт бар, таныс та күйеуге ти десе, «Шымкентте жігітім бар» – деп айтады екен. Содан күйіп кеткен жеңгесі «Мынаның жігіті ақырындап ауылға жақындап келе жатыр екен, бір-екі жылда Созаққа жетіп қалатын шығар, күтейік» деген екен, деп Зәмзә ішек-сілесі қата күлді. Күле-күле сырғып мұрнының ұшына түскен көзәйнегін саусағының ұшымен жоғары жылжытты да үстелдің шетін ырым ғып үш рет ұрып жағасына қарата үш рет түкірінді.

– Құрсын, өзімен кетсін, күлмейік, қыз өсіріп отырмыз. Бақыт деген сусымалы ғой, қолдан шықты, ұшты, бітті. Өмір бойы ұстай алмайсың, болды. Алыста тұрған секілді, шақырған секілді көрінеді. Жүгіресің, өкпең өшіп жүгіресің, барсаң дым да жоқ, құр сағым, сағым... Бір жақсыны өмір бойы іздейсің, күтесің, ал, ол мұрын шүйіреді. Бәлкім, сен іздеген жақсы адам тіпті де алыста емес, дәл жаныңда жүрген шығар, аааа... Ал, Клара сөйтіп жүріп 50-ге келді. Бұдан енді не үміт, не қайыр, – деп тізімдегі Клара тәтейдің атын қызыл сиямен шимайлап өшіре бастады.

Кейде Зәмзә ертеңгілік таңғы шай үстінде көк дәптерінің әр бетін сықырлатып, ондағы әйелдер мен қыздардың тағдырын өзінше тәпсірлеп, кейде тіпті үкім шығарып, кейде ойша некесін қиып отырады. Зәмзәға салса сол көк дәптердегі әйелдер мен қыздардың басына бір-бір ақ жаулық салып, ақ некесін қиып, бақыттың төріне бір-ақ шығарар еді. Зәмзәға салса сол әйелдер шүпірлеген сәбилердің анасы атанар еді. Егер Зәмзәның көк дәптері мен көк сиясы сиқырлы болса, ол жер бетіндегі бақытсыз әйелдердің барлығының басына бақ орнатып, бір сәтте бәрін некелі жар қыла салар еді. Бірақ, Зәмзәның көк дәптері әйел жарықтықтың ақұдайлаған тілегін орындай алмайды. Орындалса Зәмзәдай тілеуқор әйел жер шарының күллі жылауық әйелдерін бақытты қылам деп ел кезіп кетер еді ғой....

Жәудір НАРТАЙ.

САҒЫНЫШ

Бала күнімде әкемнің бурыл айғыры болатын. Бір-екі қант тістетпесең үйді айналып шықпайтын. Айдасаңда кетпейді. Алды аяңдап, арты желетін осы бурыл ат кейін жорғаға бергісіз жүріс ашты. Естілігі бір бөлек. Қанша тұман, боранды күндері үйді адаспай тауып келуші еді. Тізгінді бос қойып еркіне жіберсең болғаны, кідірмей тартадығой жануар. Әкем мені бір жерге жұмсағанда сол атқа мінгізетін. Бурыл аттың қос тартпасын шірей тартып, көтеріп міңгізеділе таралғыны қысқартып үзеңгіні аяғыма шақтап береді. Асықпай атты бір айналып шығады да қалқиып отырған маған қарап тапсырмасын айта бастайды:

"Қайтар жолыңда Қоңыр төбеге дейін шоқыта шауып отыр. Одан бері қатты аяңмен жүрсеңде ымырт үйірле үйге жетесің. Жүрер жолыңда ат аяғы қадалар індікештер болса айналып өт. Мен саған сенемін балам. Ал!, Құдай жолыңды оңғарсын, жөнел!" деп тізгінді қоя беретін. Шындығында балаға емес атқа сенетінін кейіндеу түсіндік)

Үйден алыстай бере шаба жөнелуші едім. Құмардан шыққанша шабатынмын. Кең даланы бетке алып көсіле шапқанда қолтығыма қанат біткендей арқаланып, көңілім көк бурылданда жүйрік болып кететін. Айызым қана айғайлап, ердің басынан қыса ұстап көк аспанға шалқалай қараймын. Үсті-үстіне шабыс қосып, жылдамдығы үдей түскен бурылдың төрт тұяғынан шыққан дүбіріне құлақ түрудің өзі бір ғанибет еді ғой. Көсіле шапқан көк бурыл аттыңда қаны қызып, "тізгінді тартпа" дегендей қыл мойынын алға соза ұмтылып, рахаттана сілтеп келе жатқанын бала түйсігіммен сезінуші едім.

Енді бір сәтте бурыл аттың басын тартып, алғашқы ашы терін желдете жүріп бір кептіріп аламын. Содан қайта шоқытып екінші тері шыққанда аттан түсе қалып терін тіліммен жалап көруші едім. Әкемнің,

"Аттың ашы тері кеткен соң кейінгілері су татиды. Қатты шөлдегенде таңдай жібітуге болады" дейтін сөздері есімде.

Қас қарая аттың солығын басып, асықпай аяңдап үйге келемін. Күтіп тұрған әкем:

—Атпен босқа шапқыламаған боларсың? -деп сұрайды.

—Жоқ! -деймін мен. Аттың терін үгіп, солығын басып әкелген өзіме сеніп тұрамын.

—Ой, бәрекелді. Менің баламның ақылы көпқой -деп әкем арқамнан қағып, қағып қояды. Миығында күлкі, көзінде мейрім тұрады. Әкемнің "түк сезбей қалғанына" қуанып кетемін. Қарнымның ашқанын шұрқыраған ішегімнен сезіп, үйге қарай жүгіре жөнелуші едім.

Қайран, балалық -ай десеңші! Алыста қалған арман күндерім менің. Үлкен айтса риясыз сенетінбіз. Бала көңіліміз аппақ қардай таза еді ғой.

Кейде, әкемдіде атымды да сағынып қаламын. "Өткен күндердің елесімен өмір сүрмеу керек!" десекте, осынау сағынышқа толы сағым жылдарды ешкімде жоққа шығара алмайды. Тау өзендері қанша алысқа ақсада бастауы бұлақ екені анық. Адам өміріде тап солай, балалық шақтан бастау алады. Тіршілікте ағысың тоқтаған күні артыңда қалар тастақты іздеріңде сол болмақ.

ШҮЛЕН КӨЖЕ

Созақ жұртының байырғы тұрғындарынан шүлен көженің дәмін татпағаны жоқ десе де болады. 1928 жылдары "Асыра сілтеу болмасын, Аша тұяқ қалмасын" деген қып-қызыл ұранмен басталған нәубет, 1930 жылы Ақпанда халықтың ашу ызасын тудырып атақты "Аллаху" көтерілісіне себепкер болды. "Көтеріліске қатысты" деген айыппен мыңдаған адам сотсыз, сұраусыз атылып кетті. Қасақана жасалған ашаршылық жылдармен қабат келген құрғақшылықта елдің еңсесін езіп жіберді. Жау жағадан алғанда етекке жармасқан шолақ белсенділердіңде ызасы әбден өтті. "Жұт жетеу, содырмен сегіз" дегендей, шолақ белсенділер не көрсетпеді бұл елге. Оған қоса аштықтан тараған ауыруда жығылған жұртқа жұдырық болды. Сұмдығы бірінен бірі өтіп ағайынды жеті жұт қатар келген Созақ даласының аспанын қара бұлт басып тұрды. "Балапан басымен, тұрымтай тұсымен" -деген заман келді. Жан сауғалап күнгейге қарай ауған ел ата мекенін тастап кетуге мәжбүр болды. "Арпа бидай ас екен, алтын күміс тас екен" -дегеннің кері келді. Дүние мүлкімен үйлерін тастап азық іздеп босқан ел Қаратаудың биік асуларынан өте алмай қырылған деседі... Қалған елдің бас көтерер азаматтарын, "халық жауы" -деген сылтаумен ұстап әкетті. Алдындағы малынан айырылған ел аштан өлмеудің қамын жасап Қайнар бұлақтың суын пайдаланып егіс екті. "Осы астық қашан пісер екен" деп, кетпеніне сүйеніп тұрып үзіліп кеткен адамдардың болғанына тарих куә. Осынау зұлмат жылдарда, Сұлтанбек Қожановтың ұйымдастыруымен Қайнардың қырында тай қазандар асылды. Елдегі бар астықты ортаға салып, қамбаның түбі қырылып Шүлен көже жасалды. Табылған дәннің барлығын араластырып қайнатқан быламықты "Шүлен көже" -деп атады. Күніне бір мәрте берілетін көжеге кезекке тұрған аш адамдардың соңы Созаққа дейін жетті деседі (үш шақырым)

Ата-бабаларымыздың өзегін жалған, өлімнен аман алып қалған Сұлтанбек Қожанов пен Шүлен көжені біз әсте ұмытпауымыз керек...

Қазіргі уақытта, Созақ ауданы уран өндірісі арқасында донор аймаққа айналды. Халқы бай, қуатты өмір сүріп жатыр. Аллаға шүкір. Созақтың бүгінгі "мұрнынан ешек құрт түсіп жүрген" кей бір байларына қарап тұрып, осы бір тарихи оқиғалар есіме түседі да. Аузыңнан ақ май аққан бүгінгі күнге, кешегі Шүлен көженің арқасында жеткендеріңді ұмытпаған абзал. Бәрімізде, осы бір тостаған Шүлен көжені ішіп тірі қалған қара шалдың ұрпағымыз, ағайын. "Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл" дегендей, ұмыт болуға айналған "Шүлен көжені" еске салып, ел арасындағы астамсыған байларды тәубеге шақырғым келеді. Сонымен қатар ауданымызда "Шүлен көже" күні белгіленіп, ашаршылық құрбандарын еске алып тұрсақ ел құптарлық іс болар еді. "Өлі разы болмай тірі байымайды" дегендей Тарихқа тағзым, ата-баба әруағына құрмет көрсетсек халықтыңда алғыстан басқа айтары жоқ!

Айдар ТЕМІРБЕКҰЛЫ.

Қазақшылық

Ұзақ жыл дәрігер мамандығын оқыған қазақ қызы өз денсаулығына қарамады. Оған уақытыда жоқ. Ертелі-кеш кітаптан бас алмайтын қызының жүдеп кеткенін байқаған анасы ауылға саумал ішуге шақырды.

"Қазақшылықтан ем қонбайды" деген қызының қарсылығына қарамай, отыз күн бие сүтін ішкізді. Таза ауада серуендетіп, түрлі шөп дәрілер қайнатып берді. "Жұрттың тіл, көзі де бар" деп, қара молдаға демде салдырды.

Арада ай өткенде, "қазақшылықтан" бетіне қан жүгірген доғдыр қыз қалаға қайтты.

* * *

Күн ыстық. Үлкен жолдың бойында екі полиция көлік тоқтатып тұр. Қария кісінің құжатынан кемшілік табылды.

—Қаладағы үлкен баланың үйіне бара жатырмын. Бара осы құжаттарды жасатамын, жібере ғой айналайын. Қазақтың баласы екенсің, сеніңде атаң бар шығар" деді қария.

-Көке, заңның аты заң! қазақшылыққа жол жоқ! деді, гаишник. "Қария кісі екен, Жібере салайық" деді қасындағы серігі. Әлгі заңқой ойланып қалды. Не дерін білмей қиналып тұрғаны байқалады.

Қатталып қағазға түскен ата заңымызбен, қария айтқан қазақшылық ой таразыға түсті. Қолындағы қағазбен, алдындағы қарияға кезек қарап сәл тұрды. Ақыры, қазаққа қанмен келетін, ұят пен ибадан тұратын жазылмаған дала заңы қазақшылық таразы басты.

—Жасыңызды сыйладым -деп, құжатын қайтарып берді.

Батасын беріп қарияда жөніне кетті.

* * *

Кең бөлменің төрінде әулет үлкендері жағалай отыр. Қабақтары қату. Барлығының назары ортада басын төмен иіп, тізерлей отырған балаң жігітте. Үнзіздікті қаралы үйдің егесі бұзды.

—Ее, қайтейін -деді ол ауыр күрсініп. Өлер бала өлді. Сені соттатқанда оның орны тола қоймас. Қазақта, "алдыңа келсе атаңның құнын кеш" деген бар. Әдейі өлтірген жоқсың ғой. Алланың ісіне не шара? Тым жас екенсің айналайын бағыңды байламайын, жалғызымның өлімін кештім! -деді. Соңғы сөзін айтқанда бетін көпшіліктен жасыра бұрып, иегі кемсеңдеп кетті. Оған да оңай емес.

Балаң жігіт те іштей тығылып зорға шыдап отыр екен, ет беттей құлап өкіріп жылап жіберді.

Айнала отырғандарда иықтарынан ауыр жүк түскендей жеңіл демалысты. Бірде біреуі қарсы пікір айтпай үнсіз бас шұлғып қоштағандай болды. Өйткені, бұлардың барлығы ар-ұятқа, обал-сауапқа негізделген қазақшылықтан тәлім-тәрбие алғандар еді.

* * *

Мінекей құрметті оқырман, "қазақшылық" дегеніміз, нағыз адамгершіліктің өзі. Қазақ үшін қазақшылықты жоғалту, адамгершіліктен айырлу болып табылады. Кісінің басына іс түскенде, "заң, заң" деп тақылдайтындарға айтарым:

Заңмен шешіп жеңіске жетсең өзің ғана қуанасың. Кісінің көз жасын, наласын арқалайсың. Ал, адамгершіліктен аттамай, қазақшылықтың қағидасын ұстансаң естіген ел қуанады. Ағайыннан да алғыстан басқа аларың жоқ!

Шабандоз

Қазіргі атқа мінгендерді жаппай балуан атайтын болыпты. Көкпарға қатысқан бармақтайды да балуан, батпандайды да балуан деп шақырып жатады. Балуан деп боз кілемде күрескен ерді айтады. Жауырыны жерге тимеген жігітті қазақ балуан атаған. Қазақ даласында аты аңызға айналған Балуан Шолақты білмейтін қазақ жоқ. Ал, көкпаршыны шабандоз, тақымы тастай берік мықты шабондозды "Көр тақым екен!" десіп жатады. Шабандоз атағанда жігіттің абыройы түсіп қалмайды, керсінше нағыз ат құлағында ойнайтын азамат екенін айшықтап тұрады. Одан ары қауқары жетсе "Көр тақым шабандоз" атансын.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2024 жылдың сәуірайының 22 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуыңызға болады.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем алу үшін не істеу керек?

-Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін (еңбек ететін) адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем алу үшін жұмыс берушіге зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын жұмысқа ауыстыру немесе еңбек шартын бұзу туралы өтініш беру қажет. Қызметкерді зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауыстыру немесе еңбек шартын бұзу туралы мәліметтер жұмыс берушіден ҚР ЕХӘҚМ ақпараттық жүйесіне келіп түседі. Осы деректердің негізінде арнаулы әлеуметтік төлемге кіретін жоғарыда көрсетілген төлемдердің барлық түрлерін тағайындау бойынша проактивті қызмет көрсетілетін болады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан МКЗЖ және МЗЖ есебінен немесе тек МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алуға келісімді 1414 нөмірінен жіберілген тиісті SMS-хабарламаға жауап берумен растау қажет.

Осылайша, арнаулы зейнетақы төлемін алушыға жұмыс берушіге өтінішпен жүгінгеннен кейін арнайы зейнетақы төлемін ресімдеу үшін ХҚКО мен БЖЗҚ-ға жүгінудің қажеті жоқ, SMS-хабарламаға жауап беру жеткілікті.

2024 жылғы жағдай бойынша еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істемейтін (еңбек етпейтін), 55 жасқа толған, пайдасына жиынтығында кемінде 84 ай бойына МКЗЖ төленген тұлғалар республикалық бюджет қаражаты және БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері есебінен берілетін арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы алу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға тиісті өтінішпен жүгінулері қажет. Төлемдерді алуға арналған өтініште БЖЗҚ-дан төлемдерді алуға өзінің келісімін көрсету қажет болады.

-Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік төлемдерді қай жасқа дейін алуға болады?

Төлем мөлшері өзгере ме?

-Әлеуметтік кодекске сәйкес зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін арнаулы әлеуметтік төлем зейнет жасына толғанға дейін жүзеге асырылатын болады және зейнетақы тағайындалғаннан кейін тоқтатылады.

Еңбек жағдайлары зиянды өндірісте жұмыс істейтін адамдар үшін тағайындалатын үш көзден (бюджет қаражаты есебінен арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы, сақтандыру төлемі және жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем) тұратын арнаулы әлеуметтік төлемдердің мөлшері жыл сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына барабар өсетін болады және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін берілетін болады.

БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері МКЗЖ есебінен де, МЗЖ есебінен де қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының мөлшеріне қарай есептелетін болады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері МКЗЖ, МЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын (оларды алуға келісім болған жағдайда) 6,5%-ға көбейтіп, оны 12-ге бөлу жолымен айқындалады. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жыл сайын 5% индекстеледі және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баршамыздың ортақ міндетіміз!

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Шекербек ОШАҚАПОВ,
Созақ ауданы әкімі аппараты құжаттандыруды қамтамасыз ету және әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Қоғам дертімен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қ.АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Н.САРТАЙ,
бөлім бастығының м.у.а, азаматтық қорғау лейтенанты.

Бала денсаулығына компьютер және ұялы телефондардың кері әсері

Құрметті ата –аналар ұзақ уақыт компьютердің алдында отыру, біріншіден, баланың ой-өрісінің дамуын шектесе, екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне, логикалық ойлау қабілетінің бірте-бірте төмендеуіне әкеліп соғады, баланың, ақыл ойының дамуын тежейді. Компьютердің алдында үзіліссіз жұмыс істеу баланың қан қысымын көтереді, және миопия, (көз жанарының алыстан немесе жақыннан көру қабілетінің төмендеуі) құлақтың есту қабілетін төмендетеді, баланың ұйқысы бұзылып асқа тәбеті болмайды. Ал ұйқысы қанбаған баланың зейіні төмендейтіні белгілі. Сонымен қатар омыртқаға көп күш түсетіндіктен сколиоз (омыртқа буынының қисаюы) омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін бұған қоса электрленген сәулелер саусақ ұштарына әсер етіп , қолдың буындарына зақым келтіреді. Компьютерлік ойындардың негізгі түрі атыс-шабыс, төбелес болып келеді. Бала сыртқы дүниені ұмытып, соғыс немесе сатырлаған төбелестің ортасында жүреді. Осындай кездерде баланың жүйке жүйесі бұзылып, ашу–ызаға жол береді. Бірте-бірте баланың бойындағы мейірімділік, ізгілік қасиеттері, ата-ананы сыйлау қабілеті азаяды. Осылайша жалғаса берсе баланың әдеби кітаптарға, ізгілік қасиеттілік ойындарға қызығушылығы төмендеп, компьютерге тәуелділікке әкеліп соғады..Сонымен бірге соңғы кезде ұялы телефон арқылы интернет жүйесімен тілдесуде оқушылардың және жастардың сүйікті ісіне айналды. Ал ұялы телефонды да пайдалану кезінде электромагниттік толқындардың өте зиянды әсері бар екендігіде дәлелденіп отыр

Сондықтан да жоғарыда айтылған жағдайларды ескере келіп, баланың денсаулығын сақтаймын десе ата-ана төмендегідей жағдайларды бұлжытпай орындағаны дұрыс.

- 4 жастан - 6 жасқа дейінгі баланы компьютерге мүлде үйретуге болмайды.
- бала 7-жасқа толғаннан кейін ғана аптасына 2 рет 10-минут қана компьютермен жұмыс жасағаны дұрыс
- 1-4 сынып оқушылары тәулігіне 15-20 минут , 5-8 сынып оқушылары тәулігіне 20-25 минут, 9-11 сынып оқушылары 30 минуттан артық отырмауы керек.
-бала монитордан 70 см қашықтықта жұмыс істегені жөн компьютер тұрған бөлме жарық болғаны дұрыс.
-баланың ұйықтайтын бөлмесіне теледидарды да, компьютерді де мүлдем қоймаған дұрыс - компьютерді баланың көңілін көтеретін құрал ретінде пайдаланып, бөлменің төріне қойып үйдің ең маңызды құралына айналдырмаңыз.
- компьютермен жұмыс істегенде реттелетін кресло немесе орындықты қолданыңыз.
- егер компьютерде 2 сағаттан артық отыратын жағдай туындай қалса, арнайы көзәйнекті пайдаланыңыз
- баланың үй тапсырмаларын орындамай тұрып компьютер пайдалануына шек қойыңыз.
-компьютер тұратын бөлмені уақыт өткен сайын желдетіп отыру

Кез-келген ата-ана балаларына компьютердің зияны туралы уақыт сайын ескертіп отырғаны дұрыс. Жалпы шамадан тыс компьютер алдында отыру баланың ғана емес, үлкеннің де жүйкесін жұқартып, жоғарыдағы аталған дерттерге әкеліп соғатынын есте ұстаған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Тері ауруының алдын алайық

Денсаулық-зор байлық екенін бәрімізде жақсы білеміз. Қазіргі заманда әр адам өз денсаулығын жиі қадағалап, тиісті емшараларды дер кезінде қабылдауы өте маңызды. Қазіргі таңда жиі кездесетін тері ауруының бір түрі-бұл теміреткі.

Теміреткі (дерматомикоз) – бұл саңырауқұлақтар тудыратын адам және жануарлардың жұқпалы тері ауруы. Аурудың көзі - осы жұқпамен ауырған адам немесе жануарлар ит, мысық және кіші жастағы науқас балалар болып есептеледі. Аурудың белгілері көбіне денеде, бастың шаш бөлігінде, тырнақта пайда болуы мүмкін, ауру біртіндеген қызғыш немесе қызарған дақтардың пайда болуынан басталып, одан әрі көптеген ошақтарға айналады. Инкубациялық кезеңі 7 күннен - 1 айға дейін. Ауру науқас адам немесе жануарлармен тікелей қарым –қатынаста болған жағдайда жұғады, сонымен қатар, науқас адамның заттарын (киім, бас киім, тарақ, қайшы, төсек жабдықтары) қолданған кезде жұғады. Көбіне балалар ауырады, балалар-бақшасында топтасқан түрде таралады. Ауру лабораториялық тәсілмен анықталады. Ауру жұқтырған күннен бастап 2-3 аптадан кейін аурудың белгілері басталады. Алғашқы белгілері диаметрі 0,3-0,5 мм көлемінде қабыршақтанып, үлкейіп, әр түрлі формалы болып келеді. Бастың шашты бөлігінде теміреткі шыққан жағдайда науқастар ем қабылдап жүріп, жұқа мақтадан тоқылған орамал тастамауы қажет. Теміреткі денеде шыққан жағдайда киім-кешектерін, төсек-орнын міндетті түрде залалсыздандырып отыру керек. Науқас адаммен киім алмастырып киюге болмайды және де қарым-қатынастағылардың барлығы 30 күнге дейін қадағалауға алынады. Аурудың әрбір тіркелген жағдайында үйінде күнделікті дезинфекция жүргізілуі керек. Дерматомикоздардың алдын алу үшін: ең бастысы жеке бас гигиена ережелерін сақтау моншада жуынатын легендерді дезинфекциялау, отбасының әрбір мүшесінде жеке бас гигиенасына арналған заттардың болуы. Бассейндерде, моншаларда, жағажайда резинке аяқ киімдерді пайдалану. Қоғамдық орындарда болғаннан соң, қолды сабынмен мұқият жуу. Қаңғыбас иттермен қарым – қатынаста болмау. Үй жануарларын ветеринарлық дәрігерге уақытылы көрсетіп, қажетті екпелер алу.

М.ҚАЗБЕКОВ,
аудандық орталық емхананың дерматовенеролог дәрігері.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш қондырғылардан болатын өрттердің алдын алу. Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болу қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса, "қорғанысы" істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады. Сондықтан әрқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болу мүмкін. Сондықтан ол жөн жағдайда болу керек. Өрт электр шамынан да болу мүмкін, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмау үшін электр шамдар қағаз және мата абажурларға тимеу қажет. Өрттер заводта жасалған тұрмыстық электрқондырғыларынан да жиі болады. Егер электр желісіне бірнеше осындай қондырғыларды бірден қосса, онда ол электрсымдарының шамадан тыс жүктелуіне және қызуына мүмкіндік береді. Оқшаулау тұтанып, от сым арқылы әртүрлі заттарға таралады. Егер дұрыс қолданбаса, өрт тек бір ғана электржылытқыш қондырғысынан (үтік, шәйнек, жылытқыш, т.б.) да пайда болуы мүмкін. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға болмайды және олардың қарауын кішкентай балаларға тапсыруға болмайды. Қондырғыны жанғыш заттардың үстіне қоюға болмайды, сонымен қатар перделер, ағаш қалқа және т.б. оңай жанғыш заттардың қасында қосуға болмайды. Пештердің жөнделмегендігінен болатын өрттердің алдын алу. Пешті жағудың өрт қауіптілігі неде? Отынды жаққан кезде пештің ішіндегі температура 600-800 градусқа дейін жетеді, одан пеш қабырғалары және түтіндік қатты қызады. Егер ғимараттың ағаш бөлшектері (арқалық, қалқа, еден, төбе және басқа жанғыш құрылымдар мен материалдар) пештің қабырғаларына және түтіндікке тығыз тиіп тұрса, кірпішпен тиісті бөлу болмаған жағдайда – онда олар жануы мүмкін.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.
Нұрасыл САРТАЙ,
Бөлім бастығының м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.

Жарамсыз деп танылсын

Кожамкулов Махсат Каржаубаевичтің иелігіндегі 2011 жылы шығарылған «Уаз 23632 333» маркілі автокөлігінің «KZ 071 AJR/17» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жұмақтан болсын мекенің...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әже, ардақты ана, аяулы жан **Гүлзағипа Бәлшенқызы** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Арамыздан сіз кеткелі, Асыл ана,
Сағыныштан көңіліміз жабырқаулы.
Әр айтқан сөзіңі бен көркем жүзің,

Естелік болып, жүректе мәңгі қалды, - дей отырып, асыл анамыз Гүлзағипа Бәлшенқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 21 сәуір күні (20 сәуір – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, І.Кеңесбаев көшесіндегі №21 үйде беріледі.

Асқа шақырушылар:
Айдарбеков Бегман қажы әулеті.

Таза табиғат-халық байлығы

Жер планетасының ғасырлар бойғы барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Бізді қоршаған тропосфералық ауа қабатының 20,9% осы оттегіден тұрады, ол тұрақты ең қажетті газдың бірі. Су оттегін бөліп шығаратын негізгі жасыл фабрика – көпжылдық ағаштар.

Қазақстан аумағының 3,8 %-ын орманды жер алып жатыр. «Қазақстан - 2030» стратегиясында бұл көрсеткішті 5,1 %-ға дейін көтеру жоспарланған.

Кейінгі жылдары республикамыздың орман қоры аумағында 2257 орман өрті орын алды. Бұл өрттердің 70 %-ы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болған.

"Өрт – тілсіз жау" деп тегін айтылмаған. Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын да жасыруға болмайды.

Аудан тұрғындарын орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін сақтауға шақырамыз.

Ерлан САМЕТ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

Орман өртіне абай болайық!

Қазіргі уақытта көктемнің мамыражай күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Асхат ТҰРМАХАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Әлеуметтік желі

Әлеуметтік желі дегеніміз-адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін, интернет сайт болып саналады. Әлеуметтік желілер адамдарға бір-бірімен сөйлесіп,тілдесіп, жақсы көретін музыканы тыңдау үшін және қызықты видиолар көру үшін, қажетті, керекті бірден-бір құрал. Әлеуметтік желілер арқылы-ермектері бірдей адамдардың интернетте бірігетін қоғамдастық сайттары болады. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар таба алады. Бірақ осы сайттар арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, өзіне керекті видио көруге де мүмкіндік ала-алады.

Әлеуметтік желінің пайдасына келетін болсақ-қазіргі кезде жахандану заманында әлемннің арғы шетінен, бергі шетімен тілдесіп, сөйлесіп отыруға қолайлы бірден-бір сайт. Біздің қоршаған ортамызда әр-түрлі әлеуметтік желілер бар. Мысалы; кітапты қолға алмай-ақ белгілі бір программа арқылы оқуға болатының білмейтін адам кемде-кем шығар бәлкім. Көптеген сайттар арқылы өзіңе керекті ақпаратты тез-ақ алалуға болады. Тағы айта кететін кампьютерлік сауаттылықтың жоғарлығына байланысты ақпарат алу, алмасу жылдамдығы артады. Халық пен билік орғандарының блогтарына хабарласуы арқылы кері және өзара байланыс орнатуға болады. Іздестіру жүйесі арқылы кез-келген тақырыпта ақпарат алып және пайдалануға, тиімді пайдалана алсаң, білімінді арттыруға, толықтыруға болады. Әлеуметтік желі арқылы танысып, отау құрып жатқандар да аз емес, осы құралды пайдаланып жұмыс іздеу, табу да жеңілдей түсті. Әлеуметтік желінің пайдалы тұстары, оң тұстары өте көп және соған қарай зиянды пайдасыз тұстары да баршылық.

Әлеуметтік желінің зиянды тұстары өкішінке орай өте көп. Кей адамдар виртуалды әлемге таныстыққа беріліп кеткені соншалық, өз отбасы мүшелерімен, әріптестерімен, достарымен аз тілдесіп, оларды тіпті байқамай қалуы өте көп кездесіп жатады. Осыған орай мына бір әзіл еске түседі; Бүгін жарық өшіп қалды, отбасымызбен бірге отырып әңгімелестік, туыстарым өте жақсы адамдар екен, депті. Осы әзілден-ақ әзіл асты шындық дейді ғой, қоғамдағы адамдардың тілдесу қажеттілігі әлеуметтік желілерге тәуелді болып қалғанының бір айқын дәлелі бола алады. Кейбір жастардың уақытының көп бөлігі әлеуметтік желіде өткен соң, жұмысы, оқуы ой өрісі, даму қажеттілігі төмендеп кеткен сияқты болып көрінеді. Осы қажеттіліктен жас тараптың, уақытын да үнемдей алуы, тәуелділіктен арыла алуы, желі қолданушыларға оңайға соқпайтын жәйт. Бұл да адамның өзіңе, нақтырақ айтқанда, өзін-өзі ұстауына, жеке тәрбиесіне, тәртібіне байланысты болады. Желіні пайдалпанушыларда біркелкі болмайды, олардың арасында негатив таратушылар, өмірден түнілгендер аз кездеспейді. Сондықтан әлеуметтік желіні өлшемді пайдаланып, осы құрал ұсынатын пайдалы жақтарын өз қажетімізге жаратуға бейім болу керек дейді, тәжірбиелі пайдаланушылар.

Әлеуметтік желі бір сөзбен айтқанда пайдалы тұстары да, соған қарай, зиянды тұстары да бар. Әлеуметтік желі адамның өзін таныта білуге, алға қарай өркендеп қадам басуына, өзінің дарының көрсетуге, неше түрлі өзіне ұнайтын заттар жасауына, ең бастысы әлемдік жаңалықтарды біліп отыруға қолайлы бірден-бір құрал түрі. Қазіргі жахандану заманында радио, телеведина, әлеуметтік желіге қарағанда өте төмен көрсеткіш көрсетіп отыр, өйткені теледидардан немесе радиодан айтатын жаңалықтарды біз алдын-ала әлеуметтік желі арқылы көріп тастаған болар едік. Әлеуметтік желі адам дүниесіне керекті құралдардың бірі. Өйткені бірінші кезекте алыстағы жақындарыңмен тілдесіп, баруға мүмкіндік болмағанда заман ағымына сай көріп тілдесіп отыруға жағдай жасалған болып келеді. Бірақ бір зияндылығы әлеуметтік желі арқылы, жасөспірім балалардың өмірден тез озуы, алаяқтық жолмен, жеңіл жолмен ақша табуы жиі кездесіп жататын анық жайттардың бірі. Түйіндей келе адам әлеуметтік желіні қалай қолданса; ол пайдалы жақ болсын немесе зиянды жақ болсын, әр адамның өз еркіндегі нәрсе дегеніміз жөн болар. Пайдасын көргендер өзін дамытар, ал зиянын тартқандар, өзінің кем дегенде уақытын жоғалтар.

Әлеуметтік желі әр заманда да өз қажеттілігін жоғалтпайтыны белгілі, адамзат баласы жақсы жаққа қолданса өскелең ұрпақ сана сезімі ұшқыр, тәуелсіз, білімді болып шығары хақ.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Газеттің штаттан тыс тілшісі.

Тазалық шарасына жұрт болып жұмылып жатыр

Аудан көлеміндегі жалпыхалықтық экологиялық сенбілік күндеріне созақтықтар белсене қатысты. Аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы «Тәуелсіздік» саябағынан бастау алған игі шараға аудан әкімдігі қызметкерлері, мәслихат депутаттары, мекеме ұжымдары, білім саласы қызметкерлері, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар, жастар мен еріктілер қатысты. Тазалық жұмысына аудан әкімі бас болып, «Жастар саябағы» демалыс орнында тазалық жұмыстарын жүргізді.

-Бүгінгідей тазалық күндері ауыл-аудан, елді мекендерден бастап еліміздің барлық өңірінде болып жатыр. Ауыл аймақтың таза болуына, қызметкерлермен қатар еріктілерде ат салысуда. Үкімет басшысы бастаған игі іске біздің ауылдың азаматтары да белсене қатысты. Бұл үлкен акцияны қолдаған барша азаматтарға алғыс айтамын. Жалпы, аудан көлемінде көркейту көгалдандыру жұмыстарына мән беріп келеміз. Аудан орталығында халық демалатын, көңіл көтеретін саябақтардың сәніне күннен күнге әрленіп келеді бар. Алдағы уақытта ауылдар мен шалғай елді мекендерде саябақ салыну жоспары бар. Ауылды көркейтетін тазалық жұмыстары алдағы уақытта жалғасын табады. Биыл Сұлтанбек Қожанұлын 130 жылдығына орай Ақсүмбе ауылының тұрғындары мектеп ұжымы, жалпы қараша халық, әрбір саналы азаматтар таяуда өткелі отырған асқа «алыс-жақыннан келетін кісілерден ұят болмасын», әрі ауылдың ажары ашыла түссін деген ниетпен ауылдың маңайын шашылған күл қоқыстан аршылып, бұлақтар көзін ашып, Созақ ауданының барлық ауыл, кент округтеріндегі тазалық жұмыстарына барша тұрғындар жұмылдырылып, жарамды техникалар қатыстырылуда. Сондай-ақ, көше бойлары, көпірлер маңайы, су жүретін арықатыздар мен бұлақтар аумағы, күл-қоқыстардардан арылып,саябақтар ретке келтірілді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

АСЫЛ МҰРАМЫЗДЫҢ БАЛАЛАР ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

Кітап- құнын өлшеуге келмес бағалы дүние. Кітап-өмір шамшырағы. Бұл жалғанда жол нұсқаушы адал жолсерік. Кейде, тіпті жаныңды өзіннен артық түсінетін жақының.

Бүгін де кітаптың берерінің көптігіне қарамастан, оның қадіріне жете-тұғын адам аз. Көбіне жасөспірім мен жастар смартфонды кітапқа айырбастаған. Әрине ол көңіл көншітерлік жәйт емес. Әл.желілерден пайдасыз бейнелерді көріп, алтынмен пара-пар уақытты зая кетіреді. Әйткенмен де бес саусақ бірдей емес.

Иә, қазіргі уақытта адамдар мүлде кітап оқымайды деуге де болмайды. Бұлай шорт кессем, кітап қадірін біліп, оқитын жандарға қастандық жасағаным. Сондықтан да кітапқұмарларды да атап өтуім шарт. Жалпы адамның кітапқа деген ынтасын бір сыпыра айтып шықтым. Соның ішінде қазіргі таңда балалардың кітапқа деген көзқарасы қандай? Мұны өз көзқарасым бойынша бағамдап, белгілі бір шешімге келдім.

Мұның көрінісін алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалауды құп көрдім. Яғни балалар өміріндегі кітаптың орнын, өзім білім алып жатқан мектептегі балалар арқылы айтсам деймін. Қуанышқа

орай мектебіміздегі балалардың басым көпшілігі өз бетінше кітап оқиды. Өзім кітапханаға түрлі себептермен күніне 2-3 рет барамын. Сол тұста жасөспірімдерден қарағанда, кішкене буын көп келіп жастқанын байқаймын. Кітапқұмарлардың дені 8-13 жастағы балалар. Олардың келуі биылғы оқу жылында біршама жиіледі. Оның бірден-бір себебі кітапханамыздағы кітап қорының молайып, жаңаруы. Осы оқу жылының басында, беделді деген кітаптарды шығаратын, “Мазмұндама”, ”Қасым кітапханасы” атты баспаханалар көптеген кітаптарын жеткізген еді. Айта кетерлігі кітапхана сөресі 7 томнан тұратын “Хәрри Поттер” романынымен де толықты. Соның есебінен оқырман балалар көбейді. Жаңа кітаптар келмес бұрын, қандай шығармалар жиі оқылды. Оны былай айтайын. Ол кезде балалар тек ертегілер оқумен шеттелетін. Себебі, қазақ прозасын түсіну балаларға қиын еді. Оны тіпті жай адамның түсінуінің өзі оңай емес. Қазір қазақ прозасын оқи алмақ түгіл, шетел әдебиетін оқуға мүмкіндік жоғары. Олар түсінікті етіліп басып шығарылған.

Байқағаным, кей ересек балалар өздері қалаған кітапты кітапханадан таба алмай жатса, электронды нұсқасын іздеп тауып, әйтеуір оқымай қоймайды. Осындай өскелең ұрпағымыздың ізденімпаздығын көріп, кейде мақтаныш сезімі кернейді. Бір мектептің өзінде осынша кітапқұмар бала бар болса, елімізде миллиондаған кітап сүйер бала бар. Мұндай ұрпақ барда, болашаққа үлкен сеніммен қарай аламыз.

Қарақат СЕЙТЕН,
С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің 11 сынып оқушысы.
Жуантөбе ауылы.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржамал МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терінші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетталды. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3250 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.